

М. Сиранов атындағы орта мектеп

Әдебиеттік оқу

Ы.Алтынсарин. “Өзен”

3 сынып

Бастауыш сынып мұғалімі: **Молдағалиева Айжамал
Айтжанқызы**

2015-2016 оқу жылы

Пәні	Әдебиеттік оқу
Сабақтың тақырыбы:	Ы.Алтынсарин. «Өзен»
Сілтеме	Авторлары: Т.М.Әбдікәрім, С.Р.Рахметова, Б.Т.Қабатай Алматы «Атамұра» 2014 ж.
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> • Өзеннің адам өміріндегі маңызы.
Оқыту нәтижелері:	<ul style="list-style-type: none"> • Тақырып жайлы ұғым, білімнің алғашқы негізін қалау. • Жаңа білімді өмірде байланыстыра пайдаланудың мүмкіндіктерін білу және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. • Топтық жұмыс арқылы тақырыпты түсіну, ойлану, талқылау.
Негізгі идеялар	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушының өмірдегі біліміне, білігіне сүйену. • Жаңа теориялық ақпарат беру арқылы оқушыға сыни ойлау дағдысын, іс әрекеттің амалдарын қалыптастыруға ықпал жасау.
Негізгі дереккөздер:	Power Point, табиғат суреті, «Бәрі өз қолыңда» және «Қазақстан өзендері» бейнематериалдары, электронды оқулық, бағалау парақшалары
Тапсырмалар	<ul style="list-style-type: none"> • «Ой қозғау» стратегиясы • «Әлемді шарлау» әдісі • Оқулықпен жұмыс • Электронды оқулықпен жұмыс • «Сұрақ - конверт» әдісі • “Бірге ойлаймыз” әдісі • Ойтолғаныс (топтық жұмыс)

I. Психологиялық дайындық

Әрбір адам – Туысым, достым, жұрағат.

Әрбір сабақ – Үйрену, ұғу, ұлағат.

Әрбір ісің – Тірлік, тірек, адамдық.

Әрбір сөзің – шындық, бірлік, адалдық.

Формативті бағалаудан жиынтық бағалауға

Мадақтама	Ұпай саны	Баға
Жарасындар!	6 - 7	5
Құттықтаймыз!	4- 5	4
Әлде де талаптан!	2- 3	3
Дайындалу керек!	1	

II. Үй тапсырмасы:

«Серпілген сауал» әдісі

«Масатыдай құлпырар жердің жүзі» тарау бойынша

1. Абай көктемгі табиғатты қалай суреттеген?
2. I. Жансүгіров өлеңінде көктемнің қандай белгілері айтылған?
3. «Көктем сәні» дегенді қалай түсінесің?
4. Қ. Аманжоловтың өлеңінде көктемде қандай еңбек түрлері айтылған?
5. Наурыз мейрамы туралы әңгімеле
6. Еңбек туралы мақал мәтелдер айт
7. Тұңғыш ғарышкерлерді ата. Олар туралы не білесің?

III. “Бірге ойлаймыз” әдісі

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ



IV. «Әлемді шарлау» әдісі



Ыбырай
Алтынсарин
(1841—1889)

Ү. Электронды оқулықпен жұмыс



Ы. Алтынсариннің «Өзен»

өлеңін тыңдату

- Өлеңде ақын табиғатты қалай шебер суреттеген?

Глоссариймен жұмыс

Әдісі: талдау, түсіндірмелі, *дәптерге жазып алу*

Қынарда - жағасында

Жанабында – маңайында

ҮІ. Оқулықпен жұмыс

Жеке оқушылармен жұмыс

Өлеңнің әрбір шумағын бір - бір оқушыға оқытып, қара сөзбен әңгімелету.

«Сұхбат алу» әдісі

Өлең сұрақтарына жауап алу

- Ақын өзенді қалай суреттеген?
- Ақынның «сарқыраған», «жарқыраған», «арқыраған» деген сөздері неге қатысты?
- Адамдар неліктен суды құрметтейді? Ол туралы өлеңнің қай шумағында айтылған?
- «Тас таста, алтын таста сынамаққа, Сонда да аққан өзен қалыбында» деген жолдардан не түсінесің?

ҮІІ. «Білгенге маржан» стратегиясы

«Қазақстан өзендері»

- 1.Ертіс-4242 км
- 2.Тобыл-1600 км
- 3.Жайық-2428 км
- 4.Есіл-2450 км
- 5.Сырдария-2212 км
- 6.Іле -1400 км
- 7.Шу -1186 км

Сергіту сәті

Өзен дегеніміз- табиғи жолмен жасалған арна арқылы ағатын су. Өзендердің барлығы бірдей, үлкені- кішісіне қарамай, батпақтардан, мұздықтардан, көлдерден, бұлақтардан бөлініп шығатын жылғалардан басталады.

ҮІІ. Ойтолғаныс

(Постер қорғау)

I топ: Өзеннің адам өміріндегі маңызы қандай?

II топ: Жайық өзені туралы әңгімеле

III топ: Өлеңді пайдаланып, өзеннің пайдасын жазу

IV топ: Өлеңге сүйеніп, өзенге қатысты көркем сөздерді тап

IX. Сабақты бекіту

«Сұрақ - конверт»



Сұрақтар:

- Өзен туралы не білдің?
- Өзеннің қандай пайдасы бар?
- Қазақстанда өзің білетін өзендердің атын жаз.

Формативті бағалаудан жиынтық бағалауға

Мадақтама	Ұпай саны	Баға
Жарасындар!	6 - 7	5
Құттықтаймыз!	4- 5	4
Әлде де талаптан!	2- 3	3
Дайындалу керек!	1	

XII. Үйге тапсырма

1. «Өзен» өлеңін мәнерлеп оқып, жаттау
2. **8-тапсырма** - реферат жазып келу



**Бүгінгі құнды
пікірлеріңізге рахмет**